

9 ЖЕЛДЕТУДІ ЖОБАЛАУ

9.1 Өндірістік желдету жүйелерінің жалпы сипаттамасы

9.1.1 Өндірістік жайларды желдетудің кейбір ерекшеліктері

Өндірістік жайларды желдетудің негізгі тағайындауы ауа ортасының талап етілетін санитарлық-гигиеналық параметрлерді қамтамасыз етуден тұрады, сол кезде ауаның қажетті тазалығы және микроклиматтың негізгі параметрлері сақталады. Желдетудің таңдап алған жүйесі жұмыста сенімді және пайдалану сипаттамасы жоғары болуы тиіс, өндірістік процестің қалыпты жүрісіне кедергі жасамауы тиіс, жүктер мен жабдықтарды жылжыту жолында кедергілер болмауы тиіс, жұмыс орындары мен өтпе жолдарды ыбырсытпау, жоғары техникалық көрсеткіштерді қамтамасыз ету кезінде энергия шығындарын максимум жоғары үнемдеу қажет.

Жайға таза ауаны беру және ластанған ауаны шығару тәсілі бойынша табиғи, механикалық және аралас желдету деп ерекшеленеді. Табиғи ауа табиғи желдету кезінде желден пайда болған қысым және сыртқы және ішкі ауа тығыздығының айырмашылығы есебінен қамтамасыз етіледі. Механикалық желдету кезінде ауаның жылжуы желдеткішпен қамтамасыз етіледі.

Желдету тағайындалуы бойынша жалпы ауысымды және жергілікті болуы тиіс. Жергілікті сорып желдету жайдан зиянды көздердің түзілуін және оны жоюға арналған. Жергілікті тартып желдету кезінде ағынды желдету ролі жергілікті сорумен бөлінетін ауа мөлшерінің компенсациясына тоғысады.

Жалпы желдету соруларды мақсатқа сай қолданулар мүмкін болмаған кезде технологиялық процестің барысын қадағалауды қиындататын олардың конструкцияларының рабайсыз үлкендігіне байланысты жағдайда немесе жергілікті сору өндірістік жайларда санитарлық-гигиеналық жағдайына баса назар аударылмаған жағдайда орнатылады.

Жергілікті соратын желдетуден басқа қажет болса ауа душтары, ауа оазистері мен ауа перделері түріндегі жергілікті арынды желдету орнатылады.

Ауа душы берілген параметрлері бар әрі адамға бағытталған ауа ағынын білдіреді. Бұл тәсіл кезінде еркін ағыс шекарасы шегінде қалған жайлардағы ауадан ерекшеленетін ауа ортасын жасау мүмкіндігі пайда болады.

Ауа оазисі – бұл жоғарыға қарай ашық, қабырғалар жанынан және төменнен шектелген жайдағы кеңістік. Оазиске барлық тараптан салқын ауа бірқалыпты беріледі. Артық жылу бөлетін жайларда жұмыс істейтіндердің қысқа уақытта демалуы үшін пайдаланылады.

Ауа пердесінің мақсаты суық ауа қозғалысының жолына ауа аражабынын жасау немесе ластанған ауа ағынының бағытын оны сору тесігіне бағыттай отырып жіберу.

9.1.2 Әртүрлі көздерден бөлінетін зияндылықтарды есептеу

Жалпы желдетуді есептеу кезінде өндірістік жайларда әртүрлі көздерден бөлінетін өндірістік жайларда бөлінетін зияндылықтар санын білу қажет. Олар есептеу жолдарымен немесе экспериментті өлшеулер деректері бойынша анықталуы мүмкін.

Жылу бөлу бойынша есептеу кезінде жылу балансын құру қажет және жылу шығыны мен түсудің барлық көздерін анықтау қажет. Өндірістік жайларда жылу көздері адамдар, өндірістік пештер, әртүрлі текті қозғалтқыштар, жарық беретін аспаптар, күн радиациясы, күн станоктары және т.б. болып табылады. Жылу шығыны сыртқы бөгеттермен, инфильтрациямен, қоршаған заттарды қыздыру, келген көлік және т.б. байланысты.

Мартен цехында 1 т балқитын болатқа 600 000-ден 900 000 ккал жылу (1ккал = $4,1868 \cdot 10^3$ Дж) бөлінеді. Металды термиялық өңдеу үшін пештерде (қалыптандыру, жасыту, шынықтыру, цементтеу) металды қыздыру үшін жанатын отыннан 17-ден 27 %-ға дейін жылу кетеді, қалдық газдармен 25-ден 45 % -ы жоғалады, жайлардағы жылу бөлінуі 55 %-ға құрайды.

Шойынмен құю цехтарының шойын пештерінде жылуды бөлу 15 % отын жылуын құрайды. 1 т құйылатын металға кететін жалпы жылу бөлу 250 000-ден 350 000 ккал құрайды. Құю цехтарында ұсақ құю (салмағы 20 кг-ға дейінгі құймалар) кезінде құюдың алғашқы сағатында бөлінетін жылу мөлшері 1 құйылатын шойынға арналған 100 000 ккал/сағат құрайды. Құю цехтарында орташа құю кезінде (салмағы 500 кг-ға дейін құймада) жылу бөлу 1 т пайдаланылатын шойынға арналған 200 000 ккал/сағатқа тең деп қабылданады.

Қатты, сұйық және газ тәріздес отынмен жұмыс істейтін пештерге келіп түсетін жылу мөлшері мына формула бойынша табылуы мүмкін

$$G_n = 0.278 Q_n^p B \alpha n, \quad (9.1)$$

мұнда G_n – жылу бөлу мөлшері, Вт (1ккал/ч = 1,163 Вт);

Q_n^p – отын жануының төменгі жұмыс жылуы, кДж/кг;

B – отын шығыны, кг/ч;

α – цехқа келіп түсетін жылу үлесін ескеретін коэффициент;

n – пештердің бір уақыттағы жұмыстарының коэффициенті.

Электрлік ванна мен пештерден бөлінетін жылудың бөлінуі мына өрнектен алынады

$$G_g = 1000 N \alpha n, \quad (9.2)$$

α коэффициенті тең деп қабылданады:

- электр ванналар үшін 0,3;
- жылжитын табаны бар камералық пештер үшін 0,45, жылжымайтын табаны бар камералық пештер үшін 0,5;
- саңылаулы және шахта пештері үшін 0,4;
- электр пештері үшін 0,7.

Жергілікті сору құрылғыларымен пештерді жабдықтау кезінде жайдағы жылудың бөлінуі есептелген формулалар бойынша 30 % құрауы тиіс.

Өндірістік жайларда электр қозғалтқыштары бар жабдықтардан бөлінетін жылудың бөлінуі мына формула анықталады

$$G_{\partial} = 1000N \eta_1 \eta_2 \eta_3 \eta_4, \quad (9.3)$$

мұнда G_{∂} – электр қозғалтқыштары бар жабдықтардан бөлінетін жылудың саны, Вт;

N – электр қозғалтқыштарды орнату қуаты, кВт;

η_1 – орнату қуатын пайдалану коэффициенті, 0,7 – 0,9-ға тең деп қабылданады;

η_2 – тиеу коэффициенті (максимум қажетті орташа тұтынатын қуатқа қатынасы) 0,5 – 0,8-ға тең деп қабылданады;

η_3 – электр қозғалтқыштардың бір мезгілдегі уақытының коэффициенті 0,5 – 1-ға тең деп қабылданады;

η_4 – механикалық энергиядан жылу энергиясына ауысу үлесін ескеретін коэффициент.

Механикалық және механикалық құрастырушы цехтарда салқындаушы эмульсиясыз станоктармен жұмыс кезінде жылудың келуін жуықтап анықтау үшін көбейтінді коэффициенттерінің мәндерін 0,25-ға тең деп қабылдауға болады; салқындаушы эмульсиясы бар станоктармен жұмыс кезінде – 0,2; жергілікті сорғылар болғанда – 0,15.

Жасанды жарықтандырудан жылудан бөліну мына шартқа байланысты есептеледі, барлық шығындалған энергия жылуға түрленеді

$$G_{oc} = 1000N, \quad (9.4)$$

мұнда N – шығындалатын қуаты, кВт.

Кәдімгі есептеулер кезінде қоршаған заттар мен қоршаулар жылу тепендігінде болады. Олар алатын жылу мөлшері өзгеріссіз температура кезінде жоғалатын жылудың санына тең.

Егер цехта лак бояу жұмыстары орындалса, онда еріткіштердің зиянды буының саны мына формула бойынша анықталады

$$W_p = 0.01 S m_p q_p, \quad (9.5)$$

мұнда W_p – еріткіштердің зиянды буының мөлшері, г/ч;

S – боялатын үстіңгі беттің ауданы, м²;

m_p – бояудағы ұшпалы еріткіштердің үлесі, %;

q_p – 1 м² боялған үстіңгі беттегі лак-бояу материалының шығыны (тозаңдату кезінде $q_p = 60 \dots 90$, бояу жаққышпен жаққан кезде $q_p = 100 \dots 180$ г/м²).

Ішкі жану қозғалтқыштарының жұмысы кезінде зиянды бөлінділерді есептеу (көміртегі тотығы, альдегид және азот тотығы) мына формула бойынша жүзеге асырылады

$$W_{\text{дв}} = \frac{(A + B \cdot V) q_o t}{6000}, \quad (9.6)$$

мұнда $W_{\text{дв}}$ – іштей жанатын қозғалтқыштар жұмысы кезінде түзілетін зиянды газдың мөлшері, кг/ч;

A и B – коэффициенттер тең деп қабылданады: карбюраторлы қозғалтқыштар үшін $A = 9$, $B = 12$; дизель қозғалтқыштары үшін $A = 160$, $B = 13,5$;

V – қозғалтқыштар цилиндрлерінің жұмыс көлемі, л;

q_o – пайдаланылған газдағы зиянды заттардың көлемді үлесі (карбюраторлы қозғалтқыштар үшін қабылданады: көміртегі тотығы 4. . .6 %, дизель қозғалтқыштары үшін: көміртегі тотығы 0,05. . .0,07 %, азот тотығы 0,007. . . 0,009 %, альдегид тотығы 0,035. . .0,050 %);

t – қозғалтқыш жұмысының уақыты.

9.1.3 Жұмыс жайларына берілетін ауаның жалпы мөлшерін анықтау

Бөлмеге енетін ауадағы газ тәріздес өнімдердің мөлшерін біліп, қауіпсіз концентрацияға дейін сұйылту үшін ауаның қажетті мөлшерін мына формула бойынша анықтайды:

$$Q = \frac{100 W}{c - c_0}, \quad (9.7)$$

мұнда Q – жайға берілетін ауаның мөлшері, м³/ч;

W – жойылуға тиісті газдың мөлшері, м³/ч;

c – жайдағы газдың мүмкін концентрациясы, %;

c_0 – ағынды ауадағы газ концентрациясы, %.

Ауаның қажетті мөлшері шаңмен күрес кезінде мына формула бойынша анықталады

$$Q = \frac{P}{n - n_0}, \quad (9.8)$$

мұнда P – бөлінетін шаңның мөлшері, мг/ч;

n – жайдағы шаңның мүмкін концентрациясы, мг/м³;

n_0 – ағынды ауадағы шаңның концентрациясы, мг/м³.

Артық жылумен күрес кезінде ауаның қажетті мөлшері мына формула бойынша анықталады

$$Q = \frac{G}{c_e (t_{yx} - t_n) \rho}, \quad (9.9)$$

мұнда G – артық ауа, жайдағы әртүрлі жылу көздерінен және қосынды шығындармен жайға бөлінген жылудың қосынды мөлшері арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, Дж/ч;

c_e – ауаның жылу сыйымдылығы, Дж/(кг·град);

t_{yx} – жайдан шығарылған ауа температурасы, °С;

t_n – ағынды ауа температурасы, °С;

ρ – жайдағы ауаның орташа тығыздығы, кг/м³.

Табиғи желдету бар болған кезде жобаланған ауа мөлшері 20 м³ кем емес жайда бір адамға 30 м³/ч көлемде келуі тиіс. 20 м³ артық көлем кезінде 20 м³/ч ауа кем емес болуы тиіс. Егер жайда табиғи желдету болмаса, онда осындай жайда бір адамға 60 м³/ч кем емес ауа берілуі қажет.

Ауа қозғалысының минимум жылдамдығын адам сезінеді, ол 0,2 м/с құрайды. Жылдың жазғы уақытында өндірістік жайлардағы ауаның қозғалыс жылдамдығы 0,2...0,5 м/с аспауы тиіс, ал жазғы уақытта – 0,2...1,0 м/с болады. Ыстық цехтарда жұмыс үрлеу жылдамдығын 3,5 м/с-ға дейін ұлғайтуға жол беріледі.

Жұмыс жайларында, өндірістік процестер зиянды газдар мен булардың бөлінуімен ілесе жүреді, жергілікті желдетуді және кей жағдайда жалпы ауысымды желдетуді басым қолдану ұсынылады.

Өндірістік процестері бірнеше газдар мен еріткіштердің, тітіркендіргіш газдардың, көмір тотығының, азот тотығының және т.б. буларының бір уақытта ілесе жүруі болатын жұмыс жайларындағы жалпы ауысымды желдетуді есептеу кезінде желдетілетін ауаның көлемі қауіпсіз нормаларға дейінгі зияндылықтардың әрқайсысын сейілтуге қажетті ауа көлемін қосу арқылы анықталады. Басқа жағдайда желдету көлеміне қажетті ауаның берілісі сол зияндылықтар бойынша қабылданады, ол оны сейірту үшін ауаның артық санын талап етеді.

Жергілікті желдетуді есептеу кезінде жойылған ауа көлемі мына формула бойынша табылады

$$Q = 3600S \cdot v, \quad (9.10)$$

мұнда S – сору құрылғысының ашық қимасының ауданы, м²;

v – ойықтағы сорылатын ауа қозғалысының орташа жылдамдығы

(газдар мен будың улылығы мен ұшпалығына байланысты 0,5-ден 1,7 м/с-қа дейін қабылдайды), м/с.

Зиянды бөлінділердің саны тым жоғары немесе анықтау қиын болған жағдайда ауаны алмастыруды есептеу алмастыру еселігі бойынша жүргізіледі, яғни

$$Q = k \cdot V, \quad (9.11)$$

мұнда k – бір сағат ішінде жайдағы ауа алмастыру еселігі;

V – жайдың көлемі, м³.

Әдетте k шамасы 1...10 құрайды және өнеркәсіптік ғимараттарды жобалау кезіндегі нормативтік талаптарға сәйкес анықталады. Негізінен, жайдың көлемінің ұлғаюымен k азаяды.

9.1.4 Желдету қондырғыларын таңдау

Желдетуді таңдау үшін қажетті бастапқы деректер ауаның $Q_{об}$ жалпы санынан алынған есептеу және арынның $h_{об}$, жалпы шығыны болып табылады, тұтастай алғанда объектілерді желдетуді ұйымдастыруға және барлық жұмыс орындарына ауаның есептік мөлшерін жеткізуге желдеткішпен шығындалатын болады.

Ауаның $Q_{об}$ жалпы шығыны жобаланатын өнеркәсіптік объекті үшін оны алмастыруды нормаланған еселік бойынша немесе тұтыну орындары бойынша барлық шығындарды қосу арқылы анықталады.

Кез келген бағыт бойынша тармақталған желдету желісінде қысымның жалпы шығыны желідегі ауаның келу орнынан оның желдету жүйесінен шығуына дейін барлық шығынды қосумен анықталады, мынаған тең шаманы құрайды

$$h_{об} = \sum_{i=1}^n \lambda_i \frac{\rho_i}{8} \frac{L_i C_i}{S_i} v_i^2 + \sum_{j=1}^m \xi_j \frac{\rho_j}{2} v_j^2, \quad (9.12)$$

мұнда λ_i – құбыр жолының i -лі тік сызықты учаскесінің үйкелісі кедергісінің коэффициенті;

L_i – құбыр жолының i -лі тік сызықты учаскесінің ұзындығы, м;

C_i – құбыр жолының i -лі тік сызықты учаскесінің периметрі, м;

S_i – құбыр жолының i -лі тік сызықты учаскесінің көлденең қимасы, м²;

ξ_j – j -лі учаскедегі жергілікті кедергісінің коэффициенті;

ρ – құбыр жолының тиісті учаскелеріндегі ауаның тығыздығы, кг/м³;

v – құбыр жолының тиісті учаскелеріндегі ауа қозғалысының орташа жылдамдығы, м/с.

(9.12) теңдеудегі бірінші қосылғыш ауа құбырының n барлық тік сызықты учаскелеріндегі үйкелістегі энергия шығындарын анықтайды, ал

екінші қосылғыш ауа ағындары қозғалысының жолындағы барлық m жергілікті кедергілерді жеңуге кететін энергия шығынын сипаттайды.

Қысымның қосынды шығынын жеңуге арналған ең күрделі және ұзын жол ең үлкен болып табылады және оны магистраль бағыт деп атайды, ол желдеткішті келесі таңдау үшін жалпы $h_{об}$ бастапқы қысым ретінде қабылданады. Магистраль бағытқа енбейтін желі учаскелері тармақталу болып табылады.

Есептеу кезінде ауа шығыны, оның қозғалу жылдамдығы мен құбыр жолының көлденең қимасының ауданы мына теңдеумен байланысты екенін ескеру ұсынылады

$$Q = v \cdot S. \quad (9.13)$$

Осыған байланысты, егер ауа шығыны берілген болса, онда көлденең қиманы ауа ағынының қабылданған жылдамдығына байланысты анықтайды немесе ағын жылдамдығын қабылданған көлденең қимаға байланысты табады.

Ауа құбыр жолындағы ауаның қозғалыс жылдамдығы 2...10 м/с шегінде қабылданады. Аспирациялық ауа құбырында бітелеп қалудың алдын алу үшін ең аз жылдамдық 10...25 м/с тең деп қабылданады. Магистралда тармақталуға қарағанда шамасы бойынша үлкен жылдамдықтарды қабылдау ұсынылады, оларды желдеткішке жақындату шамасы бойынша ұлғайтады.

Магистраль бағыттағы кез келген k -лі тораптағы p_k тораптық қысымның шамасы құбыр жолына ауаның келу нүктесінен k -лі торапқа дейін ауаны жылжытуға шығындалатын қысым шығынының сомасын білдіреді, (6.12) формула бойынша анықталатын және аталған торапқа енетін кез келген тармақталудағы $h_{k,om}$ қысым шығынының қосынды шамасына, желінің екінші заңының күшіне тең болуы тиіс.

Егер есептеулер нәтижесінде $p_k \neq h_{k,om}$ болса, онда ертерек қабылданған шығындарды сақтау кезінде қысымды байластыру үшін мына ара қатыстан тармақталудағы d құбыр жолындағы жаңа диаметрді анықтау ұсынылады

$$d = d_1 \left(\frac{p_k}{h_{k,om}} \right)^{0,2}, \quad (9.14)$$

мұнда d_1 – қысымды байластыруға дейін тармақталудағы құбыр жолындағы диаметр, м.

Егер тармақталудағы қысым шығындары бойынша шығынын өзгерту қажет болса (Q орнына Q_1), онда жаңа диаметрлерді (d орнына d_1) мына формула бойынша табуға болады

$$d = d_1 \left(\frac{Q}{Q_1} \right)^{0,4}. \quad (9.15)$$

Егер желдету жүйесінде есептеу мен конструкциялау процесінде диаметрлерді өзгерту арқылы қысымды байластыруға мүмкіндігі жоқ болса, онда жапқыштар, дроссель клапандар, реттеу ысырмалары, диафрагмалары және т.б. түрінде арнайы құрылғыларды орнату қарастыру қажет. Құбыр жолын жабудың шамалы дәрежесі ξ жергілікті кедергісінің коэффициенті негізінде анықталады, ол мына формула бойынша есептеледі

$$\xi = \Delta p / \left(\frac{\rho}{2} \right) v^2, \quad (9.16)$$

мұнда Δp – қосымша қысым, онда тармақталудағы шығынды ұлғайту ұсынылады, Па.

Анықтамалық әдебиеттің деректері бойынша жергілікті кедергінің ξ коэффициенті бойынша реттеудің сәйкес келетін типін таңдап алынады.

Желдеткіш типін таңдау үшін n_{σ} жылдамдық критерийін басшылыққа алу ұсынылады, 75, 100, 150, 300 рад/с тең келетін ω айнарудың стандартты жиілігі үшін 720, 960, 1450 және 2900 об/мин сәйкес келеді және мына формула бойынша анықталады

$$n_{\sigma} = 53 \frac{\omega Q_{\sigma\sigma}^{1/2}}{h_{\sigma\sigma}^{3/4}}. \quad (9.17)$$

Егер $n_{\sigma} > 100$ критерий болса, онда осьтік желдеткіш пайдалы болса, егер $n_{\sigma} < 100$ болса, радиаль желдеткішке бағдарлану ұсынылады. Үлкен қысым кезінде $h_{\sigma\sigma} > 300$ Па болғанда, қысымның үлкен коэффициенті бар радиаль желдеткіштерді таңдау ұсынылады. Шағын қысымдар кезінде осьтік басымырақ, себебі олардың қуаты өнімділіктің өзгеруіне байланысты. Шаңданған газдарды орнын ауыстыру кезінде арнайы конструкциясы бар шаң желдеткіштерін пайдалану ұсынылады. Агрессивті және жарылуы қауіпті газдарды жою үшін желдеткіштерді тек арнайы қорғалған конструкцияларда таңдау ұсынылады.

Серияларды таңдағаннан кейін желдеткіш номерін таңдау қажет. Бұл үшін абсцисс осі бойынша желдеткіштердің жеке сипаттамаларының графигінде ауаның қажет етілген шығынын табады және осы нүктеден талап етілген қысымы бар қиылысуға дейін вертикаль сызықты өткізеді, осы нүктеге бір уақытта сәйкес келетін айналымдар санын және желдеткіштердің п.э.к. санайды. $\eta \geq 0,9 \eta_{max}$ п.э.к. жұмыс режимін қамтамасыз ететіндей желдеткішті таңдау ұсынылады.

Қозғалтқыш білігіндегі есептеу қуаты мынаған тең деп қабылданады

$$N = \frac{Q_{\sigma\sigma} h_{\sigma\sigma}}{1000 \eta_n \eta_p} k, \quad (9.18)$$

мұнда η – желдеткіштің пайдалы әсерінің коэффициенті;

η_n – ішпектердің пайдалы әсерінің коэффициенті ($\eta_n = 0,96; 0,97$);

η_p –редуктордың пайдалы әсерінің коэффициенті ($\eta_p = 0,90...0,95$);

k – қуат қорының коэффициенті ($k = 1,05...1,15$);

N – қуаты, кВт.

Егер желдеткіш бір білікте қозғалтқышпен қосылған болса, онда $\eta_n = 1$; $\eta_p = 1$. Басқа типтегі берілістер үшін (фрикциялық, тісті және т.б.) пайдалы әсер коэффициентінің мәндері сәйкес келетін анықтамалықтар бойынша қабылданады.

Есептеу қуатын анықтаудан кейін қозғалтқышты типі бойынша таңдайды. Егер есептеу қуаты таңдап алынған қуатпен сәйкес келмесе, онда санаумен салыстырғанда үлкен қуатқа жақын қуаты бар қозғалтқышты орнату ұсынылады.

9.2 Тау-кен кәсіпорындарын желдету

9.2.1 Тау-кен өндірісі кәсіпорындарының желдету ерекшеліктері

Тау-кен өндіруші кәсіпорындарының желдету жағдайы өнеркәсіптік объектілерден маңызды ерекшеленеді. Жер асты тау-кен қазбалары жүйесінде жалпы қабылданған түсініктегі жұмыс жайлары болмайды. Желдету объектілері әртүрлі ұзындықтағы және көлемдегі тау-кен қазбалары болып табылады. Олар бір уақытта желдету арналары болып табылады, сол бойынша таза ауа беріледі және ластанған ауа жойылады. Ашық тау-кен жұмыстарында карьерлердің өлшемдері мен конфигурациясы мынадай, олар желдету ауа құбырлары ретінде пайдаланыла алмайды, карьерден зияндылықтарды шығару үшін үлкен ауа массасының қозғалысын мақсатқа сай ұйымдастыру қажет. Ашық тау-кен жұмыстарының желдету ерекшелігі – бұл жел энергиясын пайдалану ерекшелігі. Себебі желдету объектілері ашық аспан астында болады, онда карьердегі жел режимін қалыптастыруға жергілікті жер бедері мен атмосфералық жағдайы маңызды әсерін тигізеді.

Жер асты жағдайында шахта мен ашық тау-кен жұмыстарындағы ауа ағындарының қозғалысы бір-бірінен маңызды ерекшеленеді. Алайда, тау-кен кәсіпорындарында желдетудің негізгі мақсаты, міндеттері мен функциясы өзгеріссіз қалады және жұмыс орындарында қалыпты атмосфералық жағдайларды және сыртқы ортаны өнеркәсіптік лақтырындылармен ластауды барынша азайту мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Тау кен кәсіпорындарында жұмыс орындарындағы желдетудің негізгі ерекшелігі мынада, зиянды және жарылуы қауіпті қоспаларды бөлу көздері жай кеңістігінде жылжиды және жұмысты ұйымдастыру және қолданылатын технологияларға байланысты олардың қарқындылығы уақыт бойынша өзгереді.

Шахталы желдету желілері тұрақты объектілер болып табылмайды. Олар кен орындарын өңдеу шамасы бойынша тұрақты өзгереді. Бір қазбалар

ұзарады, басқалары «жұтылады», жаңадан басқалары пайда болады. Бұдан басқа, шахта желілері қосылады және параллель қазбаларда желдету ағындарын бөлетін бұзылу, ойықтар, қазылған кеңістіктер мен далдашалар арқылы желдету ағындарын қосады. Жер асты қазбалардағы үлкен ұзындық (қазіргі заманғы шахталар мен кеніштердің желдету желілері жүздеген километрге есептеледі) және горизонталь мен вертикаль жазықтықтағы тармақталудың күрделі сұлбасы желдету ағындарын басқосуда принципті қиыншылықтар тудырады.

Тау кен қазбаларының аэродинамикалық кедергісі олардың жоғары кедір-бұдырлығы салдарынан тегіс құбырдың кедергісінен елеулі жоғары. Бұл жер асты қазбаларындағы тау қысымының әсерінен көлденең қима деформацияланады, бұдан басқа қазбаларда жабдықтар орналасады, оларды қоршап тұрады және ауа ағындарының жанды қимасын азайтады.


Желдету сипаты бойынша жер асты қазбалары саңылаулы және тұйық деп бөлінеді. Саңылаулы қазбалар көршілес қазбада екі шығу болады және оларды желдетудің негізгі желдету желдеткішінің жұмысы есебінен жүзеге асырылады. Тұйық қазбаларда бір шығу болады, оларды желдетуді ұйымдастыру арнайы құрылғылар немесе желдету құралдарын пайдаланумен байланысты, олар қазбаның өзіне және іргелес қазбаларда орналасады. Газды емес шахталарда желдету құралдарын қолданусыз ұзындығы 10 м. Артық емес қазбалар бойында жүргізіледі. Олардан зияндылықтарды жою саңылаулы желдету ағындарына жақын өтетін турбулентті диффузия есебінен жүзеге асырылады.

Тау-кен қазбаларын өткізу және пайдалы қазбалар алу технологияларын жетілдіру, тау-кен жұмыстарының тереңдігін ұлғайту, газдылық өсуі және газдың бөлінуі шахта мен кеніштердің желдету қызметінің алдында жер асты қазбаларындағы жұмыс орындарында қалыпты атмосфералық жағдайды қамтамасыз ету бойынша күрделі мәселелер қойып отыр.

Шахтаны желдету тәсілдері

Шахтаны желдету тәсілдері ауа қысымының қажетті құлдырауын жасау тәсілі деп аталады. Қысымның құлдырауына байланысты желдетудің айдау, сору және аралас тәсілдері дер ажыратады.

Желдетудің айдау тәсілі (6.1, а-сурет) шахтадағы қысымның құлдырауы ауа беретін оқпанда желдеткішпен ауа қысымын арттыру арқылы пайда болуында. Шахта депрессиясы $h = P_1 - P_0 > 0$ өрнектен анықталады, шахтадағы P_1 қысым жұмыс істеп тұрған желдеткіш кезінде атмосфералық P_0 қысымнан әрдайым үлкен. Желдеткішті апатты тоқтату кезінде шахтада қысым құлдырайды, бұзылған кеңістіктен, массивтен газ тәріздес өнімдерді шығаруға және қазбаның жылдам газдануына мүмкіндік туғызады.



9.1 – сурет. Шахтаны желдету тәсілдері

Тәсілдің ерекшелігі – желдеткіштің тұрақты жұмысы, ауа шығындарын реттеу қолайлығы мен желдет режимдерін басқару, бұзылған кеңістік арқылы сородуың болмауы. Кемшіліктері – қымталған шахта үстіндегі ғимарат құрылғысының және ауа беретін оқпанның қажеттілігі.

Шахтада айдау тәсілі шағын аэродинамикалық кедергімен шағын газдың молдығы бар шағын тереңдікте деңгей жиекті қазу кезінде қолданылуы мүмкін. Газы мол шахталарда қарастырылатын тәсілді қолдану қосымша қиыншылықтарға апарады, желдеткіштің апаттың тоқтауы кезінде желдету желісіндегі ауа қысымы құлдырайды. Бұл қазбадағы метан қысымының ұлғаюына әкеледі, соның салдарынан олардың мүмкін газдануына және метанның жарылуы қауіпті концентрациясының түзілуіне әкеледі.

Желдетудің *сору тәсілі* кезінде (6.1, б-сурет) қысымның құлдырауы P_2 шамасына дейін ауа беретін оқпанның аузындағы желдеткішпен ауаны сейілту арқылы жасалады. Шахта депрессиясы жер бетіндегі P_0 атмосфералық қысым және оқпан аузындағы қысым арасындағы айырмашылық ретінде анықталады, яғни $h = P_2 - P_0 < 0$. Себебі жер асты қазбаларының кез келген нүктесіндегі ауа қысымы атмосфералық қысымнан аз, онда негізгі желдетудің желдеткішін апатты тоқтату кезінде шахтадағы қысым жоғарылайды, ал бұл қазбаның газдану процесін баяулатуға мүмкіндік туғызады. Желдетудің сору тәсілі газы мол шахталар мен кеніштерде қолданылады және бір орталық желдету қондырғысы ретінде қолдануға мүмкіндік береді, өйткені шахта алабындағы қанаттарда бірнеше орнатылады. Бір орталық желдеткішті орнатқан жағдайда оның жұмысы тұрақты, қазбадағы ауаны бөлуді реттеуді және ағысты реверстеуді оңай жүзеге асырады. Алайда бұл ретте жүйеле түрде қарастыру қажет және арна желдеткішін кеніш шаңынан тазалау қажет. Газды шахталарда әсіресе жалпы шығатын ағыста метанның құрамын жүйелі түрде бақылау қажет, өйткені желдеткіш қондырғысы арқылы ауа ағыны өткен кезде метанның жарылу ықтималдығы артуы мүмкін. Шахтаның әртүрлі оқпандарында бірнеше желдеткіштерді орнату кезінде шахта алабының қанаттарындағы қазып алу учаскелерінің желдету қарқындылығы мен тиімділігі артады. Сол кезде шұңқырлар мен бұзылған кеңістіктер арқылы ауаның жылыстауының ұлғаюы мүмкін, сондықтан аталған тәсіл үстіңгі бетпен аэродинамикалық байланыс бар болған кездегі қолдану ұсынылады, өйткені

бұзылу аймақтары арқылы ауан сору салдарынан газды алудың ластануы мүмкін, ол бұзылған массивте және деңгей жиектен жоғары жатады.


Желдетудің аралас тәсілі (6.1, в-сурет) қазбаның бір бөлігінде артық қысым пайда болады, ал басқа бөлігінде желдеткішпен сорылатын негізгі желдету – сейілту пайда болады. Шахта депрессиясы аралас тәсілі кезінде желдету $h = P_1 - P_2$ ретінде анықталады.

Шахтада желдетудің аталған тәсілі кезінде ауа қысымы атмосфералық қысымға тең аймақ пайда болады. Осы аймақтар және күндізгі үстіңгі бет арасында қысым айырымы нольге тең, ал бұл, бұзылу аймағы арқылы енетін ауаның жылыстауын (кемуін) жоққа шығарады. Сол кезде үстіңгі беті бар аэродинамикалық байланысы бар кеніштерде нольдік аймақтарды басқару – шағын зерттелген бағыт, сондықтан оларды желдетумен тиімді басқару үшін пайдалану қажет емес. Жоғары аэродинамикалық кедергісі бар шахталар үшін, пайдалы қазбалардың өздігінен жанып кетуіне бейім қазбалар кезінде, күндізгі үстіңгі беті бар тау-кен қазбаларының аэродинамикалық байланыстарының бар болуы кезінде аралас тәсіл ұсынылады. Алайда бірнеше соратын желдеткіштер бар болған кезде және тау-кен қазбаларының шашыраңқы кезінде желдетумен басқаруда қиыншылықтар пайда болады.

Шахтаны желдету сұлбасы

Шахтаны желдету сұлбасы ауаны беретін және ауаны шығаратын қазбалардың санымен және өзара орналасуымен анықталады, сол бойынша таза ауа беріледі және лас ауа шығарылады. Таза және келетін ауа ағыстарының қарама қарсы қозғалысы кезінде желдету сұлбасын *қайтарымды-ағынды* деп атайды. Егер желдету ағысы өзінің қозғалысының барлық жолында бағытын өзгертпейтін болса, онда желдету сұлбасын *тура ағынды* деп атайды. Желдетудің орталық, флангті және аралас тәсілдері деп бөледі.


Желдетудің орталық сұлбасы орталық-қосарланған және орталық-бөлінген деп бөледі, қайтарымды-ағындыға жатады. Ауаны беретін және ауаны шығаратын оқпандар орталық-қосарланған сұлбасы кезінде (6.2-сурет) шахта алабының орталығында орналасқан. Оқпандар арасындағы ара қашықтық 30...100 м. Оқпандар орталық-бөлінген сұлба кезінде бір-бірінен елеулі ара қашықтықта орналасқан. Орталық сұлбалардың артықшылықтары – шағын күрделі шығындар, шахтаны пайдалануға жылдам енгізу, кен тіректерде пайдалы қазбалардың елеулі шығыны, барлық үстіңгі беттік құрылыстарды шоғырландыру, желдетуді басқарудың қарапайымдылығы. Кемшіліктері – шахтаның жоғары депрессиясы, оқпан маңындағы аулада ауаның үлкен жылыстауы, таза және шығатын ағыстағы қозғалыс жолы, шахта алабының барлық ұзындығы бойынша желдету горизонтына деген қажеттілік.



9.2 –сурет. Желдетудің орталық-қосарланған сұлбасы

Шахтаны желдетудің орталық сұлбасы ұзындығы 2000 м артық емес өлшемдегі шахта алабы кезінде қолданылады, метанның молдылығы $15 \text{ м}^3/\text{т}$ -ға дейін және шахтаның өнімділігі 2000 т/тәу. артық емес.

Желдетудің флангты сұлбасы (6.3-сурет) орталықта және шекарада шахта алабын аршу кезінде қолданылады. Шахта алабының ортасында ауа беретін оқпандар, ал шекарасында – флангты ауа соратын оқпандар орналасқан. Флангты сұлбалар тура ағынды болып табылады, ауа сол қанаттың барлық ұзындығы бойымен бір бағытта жылжиды. Флангты сұлбалардың ерекшеліктері – ауа беретін оқпандан тазарту забойына дейін ауа қозғалысының жолындағы ауаның жылыстауының болмауы, флангты оқпандарда ауаның үстіңгі бетінің азаюы, жалпы шахталық депрессияны азайту. Кемшіліктері – үлкен күрделі шығындар, кен тіректердегі пайдалы қазбалардың шығындарын азайту, әсіресе апатты режимде желдеткіштермен басқару күрделілігі.



9.3 –сурет. Шахтаны желдетудің флангты сұлбасы.

Желдетудің флангты сұлбасын қолдану созылымы бойынша шахта алабының үлкен өлшемдері кезінде, көмір қаттарының өздігінен жануына бейім газды қаттарды қазу, бір-бірінен алшақ орналасқан пайдалы қазбалар жатысын қазу кезінде ұсынылады.

Желдетудің аралас тәсілі өзіне орталық және флангты сұлбалар элементтерін үйлестіреді. Шахта алабындағы орталық және флангты

бөліктердегі учаскелер жеке желдетіледі, ал бұл әсіресе апатты жағдайдағы жұмыстың қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Ерекшеліктері – желдеткіш қондырғыларының депрессиясы салыстырмалы жоғары емес, жекелеген учаскелерді оқшаулап желдету нұсқалары мүмкін, учаскеде ауаның бөлуін реттеу ықшамдалады. Кемшіліктері – үлкен күрделі шығындар, шахтаның желдету желі күрделенеді, желдеткіш жұмысын басқару және ауаны шахталық бөлу қиыншылықтары ұлғаяды.

Бірнеше шахталарды бір шахтаға біріктіру кезінде бір-бірінен алшақ пайдалы қазбалар шоғырын өңдеу кезінде үлкен газ молдығы бар ірі шахталарда аралас сұлбалар пайдаланылады.

Алу учаскелерін желдету сұлбалары

Алу учаскесі деп тазартылған кенжар, тасылымды қазба және желдету қазбасын, қазылған кеңістікті енгізетін қазба жүйесі аталады. Алу учаскесін желдету тиімділігі елеулі дәрежеде желдету сұлбасына байланысты.

Ауа беретін, тазарту мен желдету қазбасының өзара қосылысының пішіні бойынша желдету учаскесінің сұлбасы U-тәріздес, Z-тәріздес, Y-тәріздес, H-тәріздес (6.4-сурет) деп бөлінеді, соның базасында неғұрлым күрделі аралас сұлба құрылымдалады.

U және Z-тәріздес желдету сұлбасы зияндылықты бірізділікті бөлу сұлбасына жатады және газ молдығы жоғары емес шахталарда қолдануға ұсынылады. Қазылған кеңістіктен лаваның жоғарғы жағына және желдету штрегіне шоғырланған метанды алып шығу сұлбаның негізгі кемшілігі болып табылады.

Метан U-тәріздес сұлба бойынша желдету кезінде қатты тікелей өңдеу жағдайында қазылған кеңістіктен ауаның кемуі арқылы негізінен желдету штрегіне шығарылады. Желдету де сол сұлба бойынша, бірақ кері өңдеу кезінде метанды лаваның жоғарғы бөлігіне шығаруға мүмкіндік береді, ауада метан құрамының маңызды артуын тудырады. Бұл жағдайда қазылған кеңістік желдетілмейді, сондықтан онда метанның үлкен мөлшері жинақталады, ал бұл барометрлік қысымның күрт құлдырауы немесе төбенің жаппай опырылуы кезінде кенжар маңындағы кеңістікте күрт бөлінділердің қауіптілігін тудырады.

Қатты тікелей өңдеу және Z-тәріздес сұлба бойынша желдету кезінде метанның барлығы қазылған кеңістіктен кенжар маңындағы кеңістікке шығарылады, ал лаваның жұмыс кеңістігінде атмосфералық жағдай нашарлайды. Осы желдету сұлбасы сияқты, бірақ қатты кері өңдеу кезінде метанның негізгі мөлшері қазылған кеңістіктен желдету штрегіне шығарылады, қазылған кеңістікке метанның аз мөлшері түседі.

Газ молдылығы жоғары қазылған кеңістіктер мен қазылған қаттары бар шахталарда таза ауаны қосымша беру есебінен жұмыстың қауіпсіздігін арттыратын зияндылықтарды оңашалап бөлетін желдетудің Y және H-тәріздес сұлбалары пайдаланылады.

Схема вентиляции	Порядок отработки	
	Прямой	Обратный
U – образная		
Z – образная		
V – образная		
H – образная		

Таза желдету ауа ағысы



Шығатын желдету ауа ағысы



Көмір қатын қазымдау бағыты



9.4 – Алу учаскелерін желдету сұлбаларын жіктеу


Өндіру учаскелерінде метанның бөлінуін қайта бөлуде желдету сұлбаларының әсер етуінде байқалған ерекшеліктерін оларды таңдау кезінде ескерген жөн. Кенжарда жоғары жүктеме кезінде қазылған кеңістікке метанның шамалы ғана қосымша түсуі тазарту кенжарындағы жүктемені елеулі шектеуге мүмкіндік береді.

Тұйық қазбаларды желдету сұлбасы және тәсілдері

Тұйық қазбаларды желдету жергілікті желдету желдеткіштерін және аралас тәсілді пайдалана отырып жалпы шахталық депрессия есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

